

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.09.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.09.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

ZHABAYEVA S.S.	The cognitive semantics of language: exploring lingua-cultural aspects and the specifics of metaphoric representation	7
ZHANZHIGITOV S.ZH.	Gender linguistics: analysis of scientific publications in Scopus	16
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Қазақстан топонимдерінің диахрониясы (Тәуелсіздік кезеңі)	30
ИМАНГАЗИНА М.А.	Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы	41
ИСКАКОВА К.А., ОСПАНОВА Ж.Т.	Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева)	53
KARTZHAN N.E., ISSAKOVA S.S., KENZHEMURATOVA S.K.	Linguistic representation of the concept of «mental activity» in the kazakh fairy-tale discourse	63
KERIMBAYEVA K.K., BEISENBAI A.B.	Language surrounding poverty in early modern england	80
SHORMAKOVA A., RAMAZANOV T., SADYK A.	Dialogic character in the national nonverbal means	88

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АКБУЛАТОВ А.А., МУТИЕВ З.Ж., ТУКЕШОВА Н.М.	Мақсұт Неталиев поэзиясындағы «заман, қоғам, уақыттың» көркем суреттері	98
AMANGAZYKYZY M.	The motif of the urban environment's influence on the individual	110
GILEA A., VOLKOVA L.V.	The category of the "other" in the axiology of contemporary literary fairy tales of kazakhstan	122
ЖҰМАТАЕВА А.Н., МҰХАМЕДИЕВ Д.	Абай поэзиясындағы «жаңа қазақ әйелі» болмысының көркемдік аксиологиясы	131
ҚАСҚАБАСОВ С.А., КАРИПБАЕВ Ж.Т.	Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер	142
ҚЫДЫР Т.Е., ТАДЖИЕВ Х.Х.	«Нәһж әл-фәрадис» және XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы	153

МАУЛЕТ А., ТОЙШАНҰЛЫ А.	Шетелдегі қазақтарда сақталған фольклорлық-музыкалық кейбір жанрлардағы ортақ ерекшеліктер	164
МИРАЗОВА М.Н.	Сакралды кеңістіктегі үңгірлер	177
TOLEGENOVA R.K., AMANGELDIYEVA G.A.	The etymology of family conflict in modern women's prose	185
ШОРМАКОВА С.М., БЕЙСЕНҰЛЫ Ж., АБДИМОМЫНОВ Е.Б.	Әдеби-герменевтикалық талдау – көркем шығармаларды зерттеудің тиімді әдісі	193

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BERDIKULOVA A., SHADIYEVA N., TEMUR N.	Test-type tasks used in the development of reading skills	202
ЕЛУБАЙ А.Б., ТЕМІРХАН Ж., АВАКОВА Р.А.	Мобильді қолданбалардың шетел тілін оқыту барысындағы нәтижесі және педагогикалық ескертпелері	212
НОСИЕВА Н.К.	Формирование кросс-культурной компетенции у изучающих казахский язык в качестве второго	221
УРАЗАЛИЕВА У., БЕКАЛАЕВА А.О., КАСЫМОВА Г.	Обучение через виртуальную реальность: результаты пилотного исследования английского языка	235

С.А. ҚАСҚАБАСОВ¹ *Ж.Т. КАРИПБАЕВ² 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: seit.kaskabassov1940@mail.ru¹, zhanzhargan@mail.ru¹.)

*АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Аңдатпа. Мақаланың зерттеу нысанына ХХ ғасыр басындағы жаңа қазақ әдебиетінің дамуына қосқан ұлттық фольклордың әсері алынды. Алмайғайып заманда қалыптасқан жаңа ұлттық әдебиет басынан тағдырдың талайын кешкені белгілі. Ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолындағы жанкешті еңбектерінің бірқатары ұлттық әдебиетің, әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарын дамытумен байланысты болды. Соның ішінде Алаш қозғалысының саяси платформасының негізінде Алаш туралы мифпен жатты. Сонымен бірге алаш қайраткерлерінің ғылыми ізденістерін айтпаған да, әдеби шығармашылықтары фольклорды туындыларының сюжеттерінің өрбуінде, кейіпкерлер бейнесін сомдауында, идеялық шешім мен идеологиялық құрал ретінде пайдаланылуы, сол кезеңдегі советшіл қаламгерлер туындыларымен салыстырыла отырып талданады. Ұлт әдебиетінің тарихында, өшпестей ізін қалдырған алаш қаламгері М. Жұмабаев шығармаларындағы негізгі ерекшеліктің бірі оның фольклорлық материалы зерттеумен қатар молынан шығармашылық мақсаттарда да қолдануында. Оның ұстанған және дәріптеген рухани құндылықтары ұлт фольклорымен тікелей байланысты болуының себептері мен салдарына назар аударылады. Сонымен қатар, әдеби дәстүр сабақтастығы мен ондағы идеологиялық күрес мәселелеріне, тәуелсіздік идеяларын дәріптеудегі фольклорлық материалдың роліне, авторлық позицияны танытудағы орнына мән беріліп, тиісті нәтижелер пайымдалып мен қортындылар жасалады.

Түйін сөздер: Алаш, ұлттық сана, жаңа әдебиет, фольклоризм, М. Жұмабаев, мифологиялық сана, фольклорлық сюжет және образ.

Кіріспе. Әр этностың халық болып қалыптасуы, ұлт болып ұйысу процесі, ең алдымен – оның ұлттық сана сезімнің ояну мен өсу процестеріне тікелей байланысты болған. Бұл процестер тұтастаған дәуірлер, мыңдаған жылдар аралығын қамтып, ұзақ уақыт бой өтеткен әр-алуан тарихи кезеңдермен байланысты болған. Соның ішіндегі ең қарқынды шағы ХХІ соңы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қайраткер тұлғалардың өз халықының мүддесі үшін атқарған тарихи миссияларының аясында қалыптастырған мәдени-гуманитарлық бірлікпен байланысты. Қазақ халқының ұлттық сана сезімінің өсуі мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы ең өнімді шағы да осы кезеңмен байланысты және осы процестердің аса қарқынды жүруінде қазақ әдебиетінің алар орны ерекше болды. Тамыры Көк Түркітер заманынан бастау алатын қазақ әдебиеті, бүгінгі күнгі қалпы, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысын қамтып, бірнеше күрделі кезеңдерді басынан кешірді. Кеңестік кезеңде «қазақ әдебиеті тек 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі аралықта ғана қалыптасты» деген қасаң идеологиялық ұстанымдар берік болып келгенімен, тәуелсіздік жылдары ондай көзқарастар түбегейлі өзгеріп, ұлттық бағыттың жаңғыруымен байланысты, төл әдебиетке деген жаға ұстанымдар қалыптасуда.

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР 14870833 «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» ғылыми жоба аясында жазылды.

Қазақ әдебиетінің жаңа дауірінің Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсаринның шығармашылықтарынан бастау алғанымен, әлемдік үрдіске айналған еуропа дәстүріне жаппай бет бұруы ХХ ғасырдың басталу шағымен қатар келеді. Жаңа әдебиеттің даму негізінде, бір жағы шығыстық жазба әдеби дәстүрлер жатса, екінші жағынан мол ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұра да үлкен үлесін қосқаны белгілі. Сонымен қатар, осы кезең әдебиетіне байланысты қазақ әдебиетінде бірыңғай пікір әлі де қалыптаса қаймады. Егер кеңестік кезеңде тек алашыл қаламгерлер мұрасы мүлдем назар аударылмай келсе, кейінгі жылдары советшіл жазушылардың туындылары біржнғай сынға алынып, әдеби процестегі орындары есепке аз алынып келуде. Дегенмен, әдеби үрдісті бөле-жарып қарау біртұтас қазақ әдебиетде болған тарихи процестерді объективті негізде түсінуге мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге, алашшыла қаламгерлер мұрасы болсын, социализм идеяларын дәріптеген советшілдері болсын әдеби дамудағы өзінің орындары бар. Солардың барлығы

да өздерінен ілгергі кезеңде қалыптасқан әдеби-көркемдік тәжірибеге иек арты, ал соның ішінде фольклорлық сюжеттер, мотивтер, жанрлары, кейпкерлер жүйесі, көркем бейнелері молынан жаңа әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қарапайым оқу хрестоматияларды құрастырудан бастап, жекелеген кесек туындылардың дүниеге келуіне себеп болды, әдебиет тарихында өздерінің тиісті бағасы мен орнын алды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, типологиялық-салыстырмалы, герменевтикалық әдістер негізге алына отырып тиісті талдаулар мен қорытындылар жасалады.

Тарихинегізде Алашқозғалысының саяси-ағартушылық тұғырнамасын қалыптастыруда Алаш туралы этногенерикалық мифтің алынуы тек саяси қадам ғана емес, ұлт жадындағы тәуелсіздік идеясын жағырту, ұлттық сананы оятудың амалына айналғаны көрсету қадамы жасалады. Зерттеу аясында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі процестерді тұтастай қарау, оның ішіндегі бағыттардың идеологиялық негіздегі айырмашылықтарын айқындай отырып ортақ арна ретінде фольклорлық материалды өз мақсаттарын жүзеге асыру жолында қалай пайдаланғанын айқындау. Алаш қаламгердерінің әдеби мұрасындағы фольклоризмдерге айрықша назар аударып, осы негізде М. Жұмабаев шығармашылығына тиісті талдаулар жасап, тиісті нәтижелерін айқындап, қорытындыларын жасау.

Сонымен бірге, осы тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали, Ш. Елеуқенов, Ж. Жарылғапов сынды ғалымдардың еңбектері мен Г. Кеңдірбаева, К. Өзгежан, Д. Жақан, А. Жаманқозова, Г. Обаева сынды ғалымдардың зерттеу мақалалары негізге алынды.

Талқылау мен бақылау. ХХ ғасырдың басында ұлттық сананың өсуі, зиялы қауымның ұлтың саяси-экономикалық, ағартушылық-әлеуметтік мүдделерін қорғауды мұрат еткен саяси-ағартушылық ортаның қалыптастыруы, әдеби даму процестерімен қатар жүрді. Осы кезең тарихына байланысты Г. Кеңдірбаева: «ХХ ғасыр басындағы орыстардың Қазақстанды отарлау саясатының нәтижесінде, экономикалық және әлеуметтік мәселелер өзінің шарықтау шегіне жеткен болатын. Жалпы осы кезең қазақтың ең шұрайлы жерлерінің тартылып алынып, орыс шаруаларын осы аймақтарға жаппай көшіру саясатымен ерекшеленеді. Орыстың бюрократиялық басқару жүйесі қазақтың дістүрлі көшпенді-әлеуметтік жүйесін құртуға және бірте-бірте қазақтарды шоқындыруды көздеді. 1905 жылғы төңкеріс пен Бірінші Дүниежүзілік соғыс Ресейдің өзінде болсын, оның провинциаларында болсын қарсылық көрсету әрекеттерінің күшейуіне үлкен септігін тигізді. Осындай алмағайып замандағы, аласапырандарға душар болған қазақ интеллигенциясы қазақ халқының мәдениетін мен онық ұлттық болмысын сақтау мәселелерін шешуі керек болды» [1], дейді. 1905 жылғы оқиғалардың қатарында, қазақ зиялыларының саяси-әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық, аймақтық-экономикалық талаптарын қойған Қарқаралы құзырхатын жолдау негізінде құрылған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы ұлттық бірегейлігінің күшейуі, сана-сезімін өсуі, тарихи жадынысының жаңғыруына өлшеусіз еңбектек сіңірді. Алаш полиэтномимы мен қозғалы туралы қызық зерттеу жүргізген ғалым О. Кесичи: «Қазақ элиталары ұлт мәдениетін

өздерінің қиялынан туғызған жоқ, олар өздерінің бүгінгісінің тағылымын халықтың өткен тарихтарына зерделі ойларын жүгірту алды. Сонымен бірге, өткенің тағылымы олардың жаңа саяси ұстанымдарын да қалың бұқара тарапына мойындалуының да кепілі болды. Алашордашылар Алаш туралы мифты өздерінің ішкі және сыртқы саясаттағы стратегияларын жүзеге асырудың құралына айналдырды» [2], дейді. Саяси күрес жолының негізінде қазақ зиялыларының ғылыми және әдеби ізденістерінің көпшілігі өз халқының өткен жүріп жолын, фольклорын зерттеге, оны жаңаша түсініп пайымдауға арналды. Тіпті ұлттық фольклортану ғылымының қалыптасуы алаш қозғалысының төңірегінде топтасқан қайраткерлердің еңбектерімен байланысты болып келеді. «Алаш зиялыларының фольклорды жинау мен бастыру немесе зерттеу ісінде бірізділік болмай, бірде баяу, бірде қарқынды жүруінің өзі Алаш қозғалысының даму дәрежесіне, оларға жасалған қысым дәрежесіне байланысты болды. Алайда қандай сергелдеңге түссе де олар алған бағытынан айнымай табандылық танытты. Ойларын кең көлемде жүзеге асыра алмаған кезеңдерде газет-журналдарда мақала, жекелеген пікірлер, хаттар арқылы елмен байланысын үзбей, идеяларын таратты. Төлтума мұралар арқылы өткен тарихын түгендеп, ұлттың санасын көтерудің жолын ұсынған қайраткерлер көшпелі мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің негізін сақтай отырып, заман үдерісінен де құр қалмай дамудың жолдарын ұсынды» [3, 117] – дейді зерттеуші Д.Жақан.

Бір өкініштісі, қазақ халқы өзінің тарихи жады бар, ұлттық болмысы қалыптасқан, дара мәдениеті мен дәстүрлі қоғамдық институттары бар халық бола тұра ХХ ғасырдың есігін отарланған елдер қатарында ашты. Сол тұстағы орыс халқының өзі де патшалық самодержавие режимінің қатаң саяси бұғауда ұсталды. Мұндай елде ешқандай демократиялық үрдістерге жол берілмей, қоғамдық институттардың ілгері дамытуы туралы ешқандай сөз айтуға келмейтін. Дегенде орыстың және өзге отарланған халықтардың зиялы қауымы өкілдері ашық түрде де, жабық түрде де патшалық самодержавиеге қарсы әртүрлі саяси қарсылықтар көрсетіп жатты. Қазақ ортасынан шыққан зиялы қауым өкілдері колониалдық режиммен араласуының нәтижесінде жастары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Киев, Варшава, Рига, Омбы, Томск, Уфа, Орынбор және т.б. Ресейдің сол кездегі белді қалаларында еуропалық үлгіде жоғарғы білім алуға мүмкіндік алды. Осы жоғары орындар тек білім қазақ жастары білім алумен қатар, саяси көзқарастарын да кеңейтуіне үлкен мүмкіндік алды. Сонымен бірге, сол кезеңдегі қазақ жастарының жадысында әлі де 1847 жылы Кенесары ханың өлімімен бірге шаңырағы ортасына түскен тәуелсіз мемлекеттігі туралы жадылары әлі шайыла қоймаған шағы да болатын. Сондықтан ғасыр басындағы қазақтың жаңа буын зиялылары шын мәнінде білімді, ұлт мүддесіне үшін тағдырыларын байланған, толғамды ойы мен орнықты пікірі азаматтар болып қалыптасты.

Патшалық Ресей толыққанды тоталитарлық ел болып қалыптасқандықтың салдарынан, ойшылы А. Герцен: «Қоғамдық еркіндігінен айырылған халықтың, өзінің наразылық дауысы мен өзінің арымен санасатын жалғыз ғана мінбері тек әдебиет болып қалады» [1, 198] деген пікіріде аңғарғартылғандай, әдебиет тек орыс халқының ғана емес, Патшалық Ресейді жайлаған балық халықтарының жан айғайының алаңына айналды.

Қазақ ежелден сөз өнерін өзге өнер түрлерінен жоғары қойған халық болған соң, ұлт болмысына байланысты құндылықтармен қастерлі ұғымдар көркем сөз жүйесінде сақталып, ұлттық сананы оятудың, өресін өсірудің ықпалды құралына айналды. Басқа халықтарда сөз өнері тек өнердің бір саласы ретінде ұралған болса, қазақ дәстүрінде көркем сөз саяси өмірдің де бөлінбес бір бөлшегі болатын. Сондықтан әдебиет ұлттық мүддені көркем сөз арқылы жеткізудің, сонымен бірге арқылы халықты ағартудың, тәуелсіздік идеясын дәріптеудің алаңы болды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ үшін жаңа әдебиет тек еуропалық үлгідегі жаңа әдеби дәстүрді дәріптеумен ғана шектелмей, сонымен бірге ежелден белгілі көркем бейнелер мен осыған дейін қалыптасқан дәстүрлі әдістерді пайдалана отырып дамыды. Жаңа әдеби ой мен шығармашылықтың қарқынды дамуымен қатар, ұлттық сана көкжиегі де кеңейіп жатты. 1917 жылы А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған

ұлт зиялылары Алаш автономиялы республикасын жариялады. Саяси-ағартушылық негізде құрылған Алаш қозғалысы тек саяси қозғалыс ретінде ғана дамуын тауып қоймай, сол тұста ең ықпалды мәдени күш ретінде де қалыптасты. Сонымен қатар, сол жылғы Қазан төңкерісінің негізінде Ресейде билікке келген большевиктер, алып ел аймақтарында өз билігін азамат соғысынның негізінде орнатып, қоғамды социалистік негізде дамытуды көздеген тоталитарлық режимді арқау еткен саяси-репрессивті жүйені қалыптастырды. Осы тұстан бастап, қазақ қаламгерлері екі идеологиялық бағытқа шығармашылығымен айналыса бастады. Алғашқылары елдік мұратын көздеген алаш идеяларының төңірегінде топтасқан болса, бірқатар қазақ азаматтары социалистік идеяларды қолдау танытты. Сонымен бірге, қазақ қаламгерлерінің арасында идеологиялық қайшылықтар болғанымен, екі ұстаным өкілдері көркемдік көркем-эстетикалық ұстанымдарында, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, қазақ әйелінің тақырыбын арқау етуде, тарихи тақырыптарды қаузауда болсын, қазақ қаламгерлерінің арасында ұқсастықтар аңғарылады. XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап дамуын тапқан социалистік реализм қойған тапшылдық талаптарға жауап беретін шығармалмашылыққа алашшыл қаламгерлердің туындылары белгілі дәрежеде жауап беріп жатты. Әлбетте, алашшыл әдебиет замана талаптарымен санасуымен бірге, советшіл қаламгерлер де ұлттық мүддені көздеген ортақ тақырыптарға қалам түртіп жатты.

Бүгінгі күндегі қоғамда екі ағым өкілдерінің арасына жік салу, сонымен бірге тапшылдық принциптерді арқау еткен жазушыларды кейде солақай сынға алу үрдісі белең алуда. Алайда, тұтастай қарайтын болсақ екі ағым өкілдерінің идеологиялық тұрғыда көзқарастары алшақ болғанымен оларды біріктіретін ортақ дүние ұлт тағдыры, оның мүддесі болды. Олардың айырмашылығы тек ұлттың дамуында жолын таңдауында ғана деуге болады. Айталық екі көзқарастағы қаламгерлер арасында, алашшыл жазушыларды М. Жұмабаев «Алқа» ұйымы құрған болса, екінші жағынан С. Сейфуллин бастаған Қазақстанның пролетарият жазушыларының ассоциациясының құрылды (ҚазПЖА). Осы одақтардың мүшелерінің арасында идеологиялық алшақтықтар болғанымен, тұтастай алғанда жаңа қазақ әдебиеттің іргесі бірге қаланды. Әсіресе алаш рухты қаламгерлер қолданған фольклоризмдер, сырт көзге жағымды, сол заман идеологиясына жағымды көрінгенімен, астарында оқырмандарға терең ой салатын үлкен туындылардың жазылуына себеп болды.

Егер Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта фольклорлық және шығыстық дәстүрді арқау ете отырып дамуын тапқан ескішіл әдебиеттің халық арасындағы ықпалы зор болғанына қарамас болса да, соған қарамастан жаңа буын қаламгерлері халық арасындағы жаңаша әдеби дәстүрдің ықпалын күшейте алды. XIX ғасырдың екінші жартысында А. Құнанбайұлы мен Ы. Алтынсарин сынды ақын-жазушылар ұстанған реализм мен романтизм әдістерін жаңа буын жазушылары одан әрі дамыта алды деуге болады. 1911 жылы «Айқап» журналы, ал 1913 «Қазақ» газетінен бастап «Бірлік туы», «Сарыарқа» мен т.б. мерзімді басылымдар қоғамдық ойды өсіріп, көкжиегін кеңітті. Егер ескішіл дәстүріндегі әдебиетте көркем әлем аясы мен көркем дәстүрлер канонға айналған шығыстық-мұсылмандық шеңберімен ғана шектелсе, жаңа ұаламгерлер ұлттық әдебиетте жалпы адамзаттық тақырыптарды кіргізіп, жаңашыл үрдістерді талаптарды ұлт әдебиетінің алдына қоя алды. XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиет қарқынды дауының негізінде Ж. Жарылғаповтың пікірінше: «Әдебиет ілгерілеуінің тағы бір айқындаушы – интеллектуалдықтың артуы. Әдеби шығармашылықтың санадан тыс стихиялық элементтері мен саналы түрде жүзеге асатын элементтерінің қарым-қатынасы өзгере бастады. Шығармашылықтың стихиялығына мифтік сана мен фольклордан келе жатқан дәстүрлі элементтерді жатқыза аламыз» [2, 20] дейді. Осы кезеңдегі халықтың эстетикалық талғамы мен талаптарына келер болсақ, жалпы қазақ әлі мифологиялық санадан арыла қоймаған және дүниені діни-мифологиялық сана аясында таныған шағы болатын. Академик С. Қасқабасов: «Біздің бұрынғы бабаларымыз, тіпті революцияға дейінгі, ол аз болса одан бертінгі кезде өмір сүрген қариялар қазақ арасында айтылған аңыздар мен мифтерге иланған, ондағы оқиғаларды баяғыда болды

деп ойлаған» [3, 72] деген пікір айтады. Жаңа дәуір әдебиетінің өкілдері «әлем әдебиетінен келген әдеби бағыттар мен ағымдардың элементтері ұлтымыздың бай фольклоры мен поэзиялық құндылықтарымен бірге өрілуінің нәтижесінде кәсіби ұлттық прозамыздың дүниеге келуіне септігін тигізді» [2, 18], дейді Ж. Жарылғапов. Алғашқы ұлттық прозалық туындыларда фольклорлық стильдің, ойлау ерекшеліктерінің ықпалы күшті болғаны рас. Алайда, тұтастай әдебиетіміздің қалыптасуында фольклоризмның ықпалы барлық әдебиет тектерінен толықтай байқауға болады. Айталық, А. Жаманкөзова жаңа дәуір ұлттық прозасындағы алғашқы туындыларына жататын «М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» М. Дулатова, Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С. Торайғыровтың «Қамар-Сұлу» Ш. Құдайбердіұлының «Әділ-Мария», С. Көбеевтың «Қалың мал» романдары мен Б. Майлиның «Шұғаның белгісі» повесінде өмірлік материалды таңдау, кейіпкерлердің мінездерін ашудағы эстетикалық бастаулар авторлардың фольклорлық сана ықпалынан шыға амағандығын аңғартады» [4] дейді.

Алғашқы драмалық туындыларға келетін болсақ, Қ. Кеменгерұлының «Алтын сақина» драмасы сондай фольклор әсері айқын байқалса, Ж. Шаниның «Арқалық батыр» трагедиясы таза халық жырының, эпос нұсқасының негізінде жазылғанын автордың өзі де айтып кеткені белгілі [5, 156]. Осы қатарда, М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Қалқаман-Мамыр», «Хан Кене», Ғ. Мүсіреповтың «Қыз Жібек» сынды бірқатар пьесаларды атап өтуге болады [6]. Әр пьесада батырлық, тарихи, новеллалық эпостардың сюжеттер негізінде құрылғандығын анық көруге болады.

Әсіресе осы кезең поэзиясындағы кесек поэмаларының дені фольклорлық туындыларының сюжеттері мен мотивтерін, кейіпкерлер бейнесі мен баяндау ерекшеліктерін арқау еткені, бір жағы қазақ әдебиетіне шығыстық дәстүр арқылы сіңген назиралық үрдістің сақталғанын байқатса, екінші жағынан астарында терең мағынасы бар, мазмұнындағы көркем-идеялық шешімдерінің даралығын аңғартады. М. Жұмабаевтың «Қорқыт», «Батыр баян», «Жүсіп хан», «Өтірік өлең» поэмалары мен «Қойлыбайдың қобызы», «Ескендірдің екі мүйізі» балладаларында, І. Жансүгіровтың «Құлагер», «Күйші», «Күй» «Дала» поэмалары, С. Сейфуллинның «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» сынды поэмалары фольклордағы аңыздық, мифтік, ертегілік сюжеттерді арқау еткен туындылар ретінде белгілі. Прозаға қарағанда поэзиялық туындылар көркемдік тұрғыдан болсын, эстетикалық жағынан болсын сол замандағы басқа тектегі туындылардан әлдеқайда жоғары тұрған туындылар болғаны сөзсіз. Айталық, М. Жұмабаевтың «Батыр баян», С. Сейфуллинның «Көкшетау», І. Жансүгіровтың «Күйші» поэмалары» Абылай хан мен оның ұрпағы Кенесары хан кейіпкерлерінің бірі болып табылып, тарихи сарын арқау болғанымен, хандар тұлғасына байланысты идеялогиялық көзқарастар тұрғыда алашыл Мағжаннан, советшіл Сәкен мен Ілияс көзқарастары жанаса бермейді.

Бастапқыда батыста фольклор ғылымын қара халықтың ауызекі тілінің аясында қалыптасқан сөз өнері, өз арасында қалыптасқан әдет-ғұрпы және осы аяда дамуын тапқан мәдениеті ретінде қарлып, ақсүектіктер ортасында қалыптасқан классикалық мәдениеттен дәрежесі төмен саналып, қарабайыр анайы мәдениет түрі ретінде қарастыру үрдісі қалыптасқан. Бүгінгі Британияда қарапайым халық арасындағы ауызекі тілі мен жалпы ағылшын тілінің арасында бірін-бірі түсіне алмастай дәрежедегі акцент пен диалектілер бар. Бүгінгі күнге дейін көпшілік ортада төменгі кластың акцентінде сөйлеу әдепсіздік ретінде қабылданады. Ал біздің тіл мәдениетіміздің ерекшелігі, тіліміз бен мәдениетіміздің барша халық үшін ортақтығында, еш уақытта кластық негізде тіл мен мәдениет бөле-жүріп қарамауында. Барлық ел іші болсын, шетелдегі қазақтар болсын тіл мен мәдениет ортақ және болмашын ғана өңірлілік ерекшелігі болуы ғана мүмкін. Осындай тұтастық ХХ ғасырдың басында да болған, ал 30-шы жылдарына дейінгі аралықтағы әдебиетті теориялық негізде пайымдаған А. Байтұрсынов сөз өнерін ауз әдебиетін жазба әдебиеттен бола жарып қарамайды, тұтастай сөз өнері ретінде алып қарауы да сондықтан болса керек. Тап солай өл келең әдебиеті дара сөз ретінде қалыптасса да фольклормен генетикалық негізде тұтасып жатыр.

С. Қасқабасов әдебиет пен фольклордық байланысының төрт типін айтады, олар: генетикалық, оппозициялық, үндестік және кері байланыстыр. Сонымен бірге, «әдебиет пен фольклордың арасындағы генетикалық байланыс жазба әдебиеттің жаңадан қалыптасу шағына тән, оның түп-тура фольклордың ішінен өсіп шыққан шағында оның жанрларын, сюжеттерін, бейнелерін, тілін молынан пайдаланады» [7, 344-346], дейді академик. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін сөз еткен кезде, оның тап солай фольклордың ішінен өсіп шыққаны анық көрінеді. Авторлар кейде бейсаналық, кейде саналы негізде шығармашылықтарында үнемі фольклорға жүгініп отырады. Айталық, алғашқы прозалық және драмалық туындылардың тілі, стилі, оның ішіндегі бейнелеріді сомдау әдістері, жалпы фоны ретінде фольклормен үздіксіз реминисценциялық байланыс негізінде құрып отырады. Тіпті жекелеген драмалық туындылар толығымен эпос жырлардың сюжеттік желілерін арқау ете отырып жазылғаны анық. Егер кейінгі есейген қазақ әдебиетінде фольклорға саналы түрде баратын болса, жаңа әдебиеттің қалыптасу шағында жазушының дамыған фольклорлық кеңістікте өмір сүруі, оны өзге сөз өнерінің салаларынан көрі жақсы білуі, туындыны фольклордың тілінде сөйлетуі шартсыз дүние. Тіпті қаламгердің еркіне бағынбайтын шарттардың біріне айналып, толықтай интермәтінділік астарлар негізінде туындыларда үйлесімді негізде кестеленіп отырады. Олардағы генетикалық байланыс аса қуатты, себебі қаламгердің көркем әлемі туралы түйсігі фольклорлық әлем аясында қалыптасқан болғандықтан

Қазақ әдебиетіндегі шығыс әдебиетінің ішіндегі жекелеген ұлттық бөлігі болғандықтан, нағыз әдебиет ретінде тек поэзиялық формада жазылған туындылар ғана есептелді. Сондықтан әдебиеттің өзге тектерінен көрі жаға дәуір поэзиясы да едәуір ілгері дамыған болатын. Осы кезең поэзиясы да А. Байтұрсыновтың жіктеуі бойында діндарлықтан, ділмарлыққа өткен әдебиет діндарлық кезеңінде ақын-молдалар қалыптастырған әдеби дәстүр жаңа формаға ие болды. Оның айтуынша: «Бастапқы жазба әдебиеттің мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейтуді болды», дейді [8, 144]. Деген де жаңа әдебиетте де шығыс әдебиетіне тән нәзіралық сипат басым болып, енді классикалық шығыстық сюжетермен қатар ұлттық фольклордағы эпостық, ертегілік, аңыздық, әпсаналық, мифтік сюжеттер генетикалық негізде жалғасын тапты. Шығыста қалыптасқан нәзирагөйлктің өзі фольклорлық сюжеттерді жазба негізде дамыған түрі бола келе, фольклорды молынан пайдаланған болса, ұлттық әдебиетте ұлттық негіздердің басымдылығымен қатар саяси ұстанымдар мен идеологиялық көзқарастарға басымдылық беріле бастады. Айталық, алашшыл М. Жұмабаевтың поэмаларына байланысты Ш. Елеуенов: «Әдебиет өткенді жырлай бастады, бірақ өйткенде ол бқрынғыны қайта орнатуды көздеген жоқ, тағылық өмірін дәріптеген жоқ. Ол өткенді жырлағанда жас халқын демейтін, оның оның жүрегіне сенім отын жағатын айла әздеді» [9, 354] дейді. Сонымен бірге, Мағжаның өзі де «Батыр Баян» поэмасының басында:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі еткенді ойлап айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма? [10, 232], – деп өзінің поэманы жазған кезіндегі автор ретіндегі психологиялық күйін, шығармашылық мақсатын айқын көрсеткен. Соныдықтан, осы поэманы оның фольклорлық сюжет негізінде, фольклорға жақын эпикалық дәстүрде бекіген батырлық эпос сарынымен беруі мақсатты негізде жасалған қадам екені айқын көрінеді. Мұнда тек халықтың алдында елінің тәуелсіздігінің жолында жанкешті ерлік

көрсетіп, құрбан болуды ғана емес, тек сол жол үшін өмір сүріп, сол жолда ғана жан беруді, тіпті өз туған бауырында сол жолда құрбан етудің ең игі іс ретінде көрсетеді. Поэзияда кейде тылсыммен байланыс күшті және сәуегейлік сипатта жоқ емес. Сол тұста саяси жеңіліске ұшыраған Алаш қозғалысы дағдарысқа түсіп, көседерінің қатарындағы бой көрсеткен азаматтарға қарсы идеологиялық негізде қудалау, әр қадамдарын аңду басталған болатын. Оның «Қорқыт» поэмасы аңыздық, мифтік Қорқыт бейнесін арқылы қызыл билік тарапынан төніп келе жатқан ажалға қарсы шығудағы, өнердің, поэзияның ажалсыздығы арқылы мәңгілікке өмір кешуін, осының арқасында түбінде мұратқа жетуін үміті етеді. Мағжан тіпті классикалық назирашылық дәстүр аясындағы «Ескендір» тақырыбына да қадам басып, осы тақырып та да өзінің ізін қалдырды. Мұнда ескі әдебиеттегідей дастан емес, Абайдағыдай поэма емес, қысқа поэзиялық жанр – баллада негізінде берген. Оның «Қос мүйізді Ескендір» балладасының негізіне халық арасында кеңінен тараған әпсана алынған. Ақын нұсқасының сюжеттік желісі Ақыт Үлмжіұлының нұсқасына жақын келеді. Алайда идеялық мазмұны жағынан Абай поэмасымен үндесіп жатыр. Онда:

Ертегі ерте күндерде,
Ескендір атты хан болған.
Бесіктен көрге кіргенше,

Көргені қызыл қан болған [10, 83] – деп, ертегі астарында Ескендірдің жауыз бейнесіне баса назар аудартады. Ол балладада екі-ақ кейіпкер бар, біріншісі – патша да, екіншісі – шаштараз. Туынды шаштараздың дарға асылуымен аяқталады. Ақын пафосы өзінің өмір сүрген заманының келбетін сомдауға бағытталғаны байқалады. Шағын болса да, осы туынды сюжеті ертегілік сюжетке меңзегенімен, бүгінгі күн көкжиегінен қарасаңыз, ақын өмір сүрген тоталитарлық кезеңнің тарихи шындығын әшкерелуі екенін түсінесіз. Ескендір кейіпкерінің астарына – сталиндік жүйенің жандайшаптары кейіптелген болса, шаштараз бейнесінде – режим болмысын танып қойған жазықсыз құрбандар сөз етіледі. Осы жайт Ескендір тақырыбының бір сюжеттік желі аясында идеялық мазмұнының өзгеруі, нақты тарихи кезең ақын-жазушыларының алдына қойылған тараптардан туындап отырғаны байқалады. Ескендір бейнесін әр ақын өзінің көркем-идеялық мақсаттарына қарай сомдағанымен, қазақ әдебиеті мен фольклорында Ескендір бейнесі жағымды контексте бейнелене қоймайған. Қазақ әдебиетіндегі осы үрдіс бойынша Ескендір бейнесін дүниеқұмар, жауыз әрі ашкөз патша ретінде сомдау тенденциясы орын алған.

Тарихи кейіккерлерге келетін болсақ Мағжанның Абылайы:

Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстан орыс, қытай — ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында — ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай

Қалмаққа (ойына алды) ойран салмақ [10, 233], – деп елі үшін жан алып, жан берген дара саяси лидерді көреміз. Сондай сарында оның ұрпағы Сыздық төреге де «Ертегі» поэмасын арнайды, мұнда оның бейнесін ертегілік кейіпкер ретінде түспалдап береді. Бұл поэмада оның қарсыласы ретінде мифологиялық Жезтырнақ бейнесімен күресі кейіптелген. Алашшыл әдебиеттегі Абылай мен оның ұрпақтарының жағымды бейнесі С. Сейфуллин мен І. Жансүгіров поэмаларында жағымсыз кейіпте беріліп, тапшылдық тұрғыда феодалдық қатыгез қаһармандар ретінде көрсетілуі, олардың идеологиялық көзқарастары мен билігін орнатқан советтік билік талаптарына толықтай жауап беру қажеттілігінен болса керек. Ал Мағжанға шығармашылығына келетін болсақ ол өзінің Алаш

алдындағы сертіне беріктігін сақтап қалған, туындыларындағы түспал, мен аллегориялар астарында тәуелсіздік идеяларына деген адалдық, тек сол үшін ғана жан беру идеялын дәріптеу мен орнаған советшіл билікті әшкерелеу сынды мұраттарды көздейді.

Нәтижелер. Осы зерттеу барысында жаңа қазақ әдебиетіндегі қалыптасу шағындағы шығармашылық қаламгерлердің шығармашылығында фольклордың ықпалы:

Біріншіден, XX ғасыр басындағы қаламгерлердің фольклорлық кеңістік поэтикасының ішінде өмір сүруімен және фольклорды сөз өнерінің бір саласы ретінде бөле-жарып қарамай әдебиеттің бір саласы ретінде қарауында. Осы кезеңде фольклор әдебиеттің қай тегінде, қай жанрында болсын көркедеуші құрал, сюжеттік-мотивтік қоры ғана емес, әдебиеттің даралану шағындағы айқындалуындағы эстетикалық тірегі де бола алды. Фольклорлық материал бейнелерді сомдауда, туынды идеясын ашуда, автордың ұстанымын айқындауда, сюжеттік желіні айқындауда шығармашылық процестің негізгі құралына айналды. Сондықтан, фольклор әдебиетке көбіне таза кейде таза күйінде, ал дамыған едәуір дамуын тапқан поэзия жанрында, сюжеттік материал мен көркемдеуші материал ретінде пайдаланылды.

Екіншіден, XX ғасырдың басындағы әдебиет тек сөз өнерін дамытуды, көркем-шығармашылық негізде сайысқа түсуді ғана көздеп қоймады. Қазақ қаламгерлерінің негізгі идеологиялық құралына айналды. Қазақ баласы алашыл және советшіл қаламгерлерге бөлініп, біріншілері әдебиетті өнер ретінде, фольклорды аллегория мен метафоралық негізде пайдаланса, советшіл қаламгерлер, жаңа биліктің халық арасындағы беделін нығайту, халыққа жақын тіл арқылы советтік идеяларды жеткізу құралы ретінде пайдаланды. Әр тараптың фольклорға интерпретация жасауы замана үрдісіне айналды.

Үшіншіден, сонымен бірге фольклорлық туындылар арқылы қоғамда болып жатқан өзгерістерге жазушылардың көзқарасын көрсетудің де құралына айналды. Кей туындыларды бөле идеологиялық тұрғыда бөле-жара қарауға келмейді. Фольклорлық сюжет пен бейнеге өзінің, жалпы қоғамның психологиялық ахуалын, жан күйзелісін, сыртқы жағдайға байланысты ішкі сезімін көрсетуді де көздегені байқалады. Айталық, С. Сейфуллинның «Аққудың айырылуы» поэмасы мен І. Жансүгіровтың «Күйші» поэмаларындағы пессимистік ауаң, белгілі дәрежеде өмірден түңілуді, мұраттарының алдындағы үмітсіздік күйді жеткізетіндей. Кейде тасқын ағынымен қоса ағып бара жатқан, бірақ тасқынға қарсы шығатын шарасы жоқ автор бейнесін де көруге болады. Керісінше, М. Жұмабаевтың сырт көз шарасыздығының астарында үлкен үміт, іспен болмаса да, сөз өнері арқылы кеткен есесін қайтару ниеті анық көрінеді. Оның үміті тек артында қалатын сөзінде екенін анық түсінгендіктен болар.

Қорытынды. XX ғасыр басындағы қазақ халқының денінің эстетикалық талғамы фольклорлық негіздерді арқау етуі, дүниетанымы мифологиялық санаға жақын болуы қаламгердің де оқырманың да жақын болуы, жаңа әдебиеттің дамуында фольклордың үлкен ықпалын тигізді. Фольклор әдеби шығармашылықтың денінде прозалық және драмалық туындыларды поэтикалық көркемдеуші құрал ретінде бүкпесіз пайдаланылса, бірқатар алашшыл рухтағы қаламгерлер өздерінің авторлық позициясын, саяси, әлеуметтік, басқа да қоғам мен адам өміріндегі түйткіл мәселелерді жеткізудің құралы ретінде пайдаланды. Сол кезең, әдеби даралығын айқындауы фольклорды негізге алмай дамуы тіпті мүмкін де емес еді. Әдебиет идеологиялық күрестің ең дәстүрлі құралына ғана айналып қоймай, фольклордағы материал арқылы қоғам мен адам арасындағы қайшылықтарды көрсетудің де әдісіне айналды. Генетикалық негізде фольклордың әдебиеті дамытудағы ролі бастапқылыққа ие болды. Егер алашшыл қаламгерлер фольклорлық материал арқылы қоғамдағы адам еркіндігі, ұлт тәуелсіздігі идеяларын дәріптеп, көнеден тамырын тартқан фольклорлық жанрлар мен сюжеттер арқылы тарихи тұлғалар бейнесін елдік мұратқа жетудегі идеал ретінде көрсетіп жаңа заманың кемшіліктерін көрсетуге тырысты. Керісінше советшіл жазушылар өткенді сынау оның бойындағы өткен формациялық кемшіліктерді көрсету арқылы жаңа заманды асқақтатуға, заманауи үрдіс ретінде үстемдікке жеткен тапшылдық принциптерге сай келтіре жазуды көздеді. Дей тұрғанмен

осындай қайшылықтар түпкілікті әдебиеттегі фольклоризмдерді арқау ете отырып әдеби дамудың, жаңа ағымдар мен бағыттардың орнығуына, туындылардың көркемдік деңгейінің көтерілуіне, белгілі дәрежеде септігін тигізгені сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Kendirbaeva G. 'We are children of Alash' The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // *Central Asian Survey* (1999). – 18(1). – pp. 5-36. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02634939995722>
2. Ozgecan Kesici. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity // *Nationalities Papers*. 2017. – Vol. 45. No. 6. – Б. 1135-1149. <https://www.cambridge.org/core/journals/nationalities-papers/article/abs/alash-movement-and-the-question-of-kazakh-ethnicity/64407681196535137C1A28D045192281>
3. Жақан Д. Алаш қайраткерлерінің ұлттық фольклор жайындағы ғылыми ой-пікірлері // *Керуен*. Том 81. – №4 (2023). – Б. 105-118. <https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23/50>
4. Герцен А.И. Собрание сочинений в тридцати томах. Т. 7. О развитии революционных идей в России. Произведения 1851-1852 годов. – М.: Академии наук СССР, 1955. – 469 с.
5. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖПС «Гласир», 2009. – 400 б.
6. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
7. Жаманқозова А.Т. Фольклорные традиции в первых образцах казахской литературы // *Филологический аспект: международный научно-практический журнал*. – 2022. – № 03 (83).
8. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
9. Обаева Г.С. Формы проникновения фольклора в казахскую литературу // *International Journal of Humanities and Natural Sciences* Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2019. – № 4-2. – С. 113-118.
10. Қасқабасов С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // *Кітапта: Елзерде*. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 504 б.
11. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
12. Елеуқенов Ш. Мағжан (өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы, Жазушы, 1989. – 448 б.

С.А. КАСКАБАСОВ, Ж.Т. КАРИПБАЕВ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауезова, Алматы, Казахстан

ФОЛЬКЛОРНЫЕ ОСНОВЫ ЛИТЕРАТУРЫ АЛАШ

Аннотация. Объектом исследования стало рассмотрение влияния фольклора на развитие новой казахской литературы начала XX века. Формирование новой казахской литературы происходило в тяжелый период перемен и потрясений. Значительная часть трудов национальной интеллигенции была связана с развитием национальной литературы, литературоведения и фольклористики. В частности, в политическую платформу движения Алаш был заложен миф об Алаш-хане. Вместе с этим исследуются использование алашордынцами в литературе фольклора в качестве исходного материала в развитии сюжета произведений, созданий образов персонажей. Фольклор также использовался в принятии решений и в качестве идеологического средства воздействия на широкие массы, которые сопоставляются с творчеством писателей советского направления. В качестве аналитического материала использовались произведения выдающегося представителя национальной литературы,

писателя-алашордынца М. Жумабаева. Акцентируется внимание на использование казахским классиком фольклорного материала. Магжан Жумабаев придерживался особых духовных ценностей и популяризировал их, используя фольклорное наследие в художественных целях. В ходе исследования выявляются тенденции использования фольклора в других сферах литературы. Основное внимание уделяется вопросам места фольклорного материала в преемственности традиций и популяризации идеи независимости, его использования в выражении авторской позиции, на основе которых определяются результаты и делаются соответствующие выводы по исследованию.

Ключевые слова: национальное самосознание, новая литература, фольклоризм, М. Жумабаев, мифологическое сознание, фольклорное пространство.

S.A. KASKABASOV, ZH.T. KARIPBAEV,

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

FOLKLORE BASES OF ALASH LITERATURE

Annotation. The object of the study in this article was to consider the influence of folklore on the development of new Kazakh literature of the early twentieth century. The formation of new Kazakh literature fell on a difficult period of change and upheaval. A significant part of the works of the national intelligentsia was associated with the development of national literature, literary criticism and folklore studies. In particular, the myth of Alash was laid in the political platform of the Alash movement. At the same time, not to mention their initial research of Alash figures in folklore, their use in folklore literature as a source material in the development of the plot of the work, the creation of character images is studied, it was used in making ideological decisions and also as an ideological means of influencing the masses, which are compared with the work of writers of the Soviet direction. The works of an outstanding representative of national literature, the writer of Alash - M. Zhumabayev were used as analytical material. Attention is drawn to his use of folklore material in his work. What spiritual values did he adhere to and popularize them using folklore heritage for artistic purposes. During the study, attention is drawn to the trends in the use of folklore in other areas of literature. The main attention is paid to the issues of the place of folklore material in the continuity of traditions and the popularization of the idea of independence, its use in expressing the author's position, on the basis of which the results are revealed and the corresponding conclusions are made on the study.

Keywords: Alash, national consciousness, new literature, folklorism, M. Zhumabaev, mythological consciousness, folklore plot and image.

References

1. Kendirbaeva G. 'We are children of Alash' The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // Central Asian Survey (1999). – 18(1). – pp 5-36. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02634939995722>
2. Ozgecan K. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity // Nationalities Papers. – 2017. – Vol. 45. – No. 6. – pp 1135-1149. <https://www.cambridge.org/core/journals/nationalities-papers/article/abs/alash-movement-and-the-question-of-kazakh-ethnicity/64407681196535137C1A28D045192281>
3. Jaqan D. Alaş qairatkerleriniñ ultiyq fölklor jaiyndaғы ğylymi oi-pıkırları // Keruen. Tom 81. – №4 (2023). – Б. 105-118. <https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23/50>
4. Gersen A.İ. Sobranie sochinenii v tridsati tomah. T.-7. O razvitii revolsionnyh idei v Rosii. Proizvedenia 1851-1852 godov. – Moskva, İzd-vo Akadenmii nauk SSSR, 1955. – 469 b.
5. Jarylǵapov J.J. Qazaq prozasy: aǵymdar men edister: Monografia. – Qaraǵandy: JIIS «Glisir», 2009. – 400 b.

6. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylǵy zertteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.
7. Jamankozova A.T. Föklornye traditsii v pervykh obrazсах kazahskoi literatury // Filologicheskii aspekt: mejdunarodnyi nauchno-prakticheski jurnal. – 2022. – № 03 (83). <https://scipress.ru/philology/articles/foklornye-traditsii-v-pervykh-obraztsakh-kazahskoj-literatury.html>
8. Nürǵali R. Qazaq ädebiatınıñ altyn ǵasyry. Zertteu. – Astana: Kültegin, 2002. – 528 b.
9. Obaeva G.S. Formy proniknovenia föklora v kazahskuiu literaturu // International Journal of Humanities and Natural Sciences Mejdunarodnyi jurnal gumanitarnyh i estestvennyh nauk. – 2019. – № 4-2. – S. 113-118.
10. Qasqabasov S.A. O tipah i formah vzaimodeistvia kazahskoi literatury i föklora // Kitapta: Elzerde. – Almaty: «Jibek joly», 2008. – 504 b.
11. Baitürsynov A. Ädebiat tanytqyş. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
12. Eleukenov Ş. Maǵjan (ömiri men şyǵarmagerligi). Oqu qūraly. – Almaty: Sanat, 1995. – 384 b.
13. Jūmabaev M. Şyǵarmalary: Öleñder, poemalar, qara sözder. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 448 b.

Автор туралы мәлімет:

Қасқабасов Сейт Асқарұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

Каскабасов Сейт Аскарлович – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Института литературы и искусства имени М.О. Аuezова, Алматы, Казахстан.

Kaskabasov Seyt – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of philological sciences, professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Қарипбаев Жанбота Тасболатович – философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

Қарипбаев Жанбота Тасболатович – доктор философии (PhD) Института литературы и искусства имени М.О.Аuezова, Алматы, Казахстан.

Karipbaev Zhanbota – Doctor of Philosophy (PhD), M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.